

Әскер –әліміз, армия –абыройымыз



7 мамыр -

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Отан қорғаушылар
күні. Бұл тәуелсіз
еліміздің өзіндік
қорғаныс қабілеті
бар екенін білдіре-
тін мереке. Егемен
еліміздің қарулы
күштерінің мерейін
асқақтататын, Отан
үшін отқа түскен
а т а -
бабаларымыздың,

болашақ ел қорғайтын асыл азаматтарымыздың мейрамы. Егеменді еліміздің тыныштығын және бейбітшілігін қорғау, бұл әр азаматтың қасиетті борышы. Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу, Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында 7 мамыр - Отан қорғаушылар мерекесіне орай «Әскер –әліміз, армия –абыройымыз!», - атты кездесу кеші мамыр айының 4 жұлдызында «С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ–нің жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілді.

Кездесу кешіне Б.Амалбеков атындағы жоғарғы орта білім беретін тірек мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Нұртай Айбек Төлегенұлы, Жаңаарқа жалпы білім беретін мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Аманжолов Қайрат Қаржаубайұлы мен Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінің» жоғарғы сынып оқушылары қатысты.

Алғашқы әскери дайындық пәнінің ұстаздары жас жеткіншектерімізге қазіргі таңда әскери қызметкерлердің жаңа міндеттері, жауынгерлік қабілеті мен жауынгерлік дайындығын айта отырып, ең басты күш – тәрбие екеніне тоқталды. Тәрбиемен шындалған патриотизм – Отанды қорғау сәтінде өз қуатын көрсетеді. “Өз Отанын шексіз сүйетін азаматқана, ержүрек сарбаз атана алады”, - дей келе парасаттылыққа, ержүректікке, шыншыл болуға шақырды. Шарада жас ұландарымыз ақындардың Отан туралы өлеңдерін оқыды, патриоттық әндер шырқалды. Отан, ел, ер, жер туралы мақалдар айтып, ерлік жайлы өз ойларымен бөлісіп, тілектерін білдірді. Тақырыпқа сай патриоттық көрме ұйымдастырылып, таныстырылды.

7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні - бұл әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны. Сарбаздарымыздың, аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз.

**«С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»
КММ–нің жасөспірімдер кітапханасы**